

келе жатқан студенттерге ауыз салды емес пе? Сол “пысықтар” қазір пәс болып, беттері қайтып қалғанымен, орайы келсе тағы да “көктеп шыға келуі әбден ықтимал”. ХХ ғасырдағы қазақ қоғамында рушылдықтың қозып кетуі де, дейді ғалым, осы “пысықтар” мен “шолақ белсенділердің” эгоистік пиғылынан туады. Бұл құбылысты жасырын түрде қазақтарды бір-біріне айдап салу үшін әкімшіл жүйе де қолданған. Мысалы, басқарушылардың әр жүзден болуын ескеріп отыру. Ғарифолла Есімнің сараптауы бойынша, “шолақ белсенділіктің” теориялық негізі - ұлттық мүдде мен таптық мүддені шатастыру”. Мемлекеттік “казармада” адамның тектілігі оның шыққан әлеуметтік тобымен айқындалады. Анкеталарда “әке-шешем жұмысшы болды” деп жазуға көп адамдар ынталанған.

Тоталитарлық қоғамдағы әдептік мәдениеттің органикалық формаларының бұзылуы туралы көп дәлелдер мен деректер келтіруге болады. Алайда жағдайды қара бояумен суреттей беру де сыңаржақтылыққа жатады. Жоғарыда аталып өткендей, тоталитаризм “қазақ адамын” мүлдем өз ыңғайына көндіріп,

орындаушы мәнгүртке айналдыра алмады.

1. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б.

2. Кодар А. Казахстанская культура: от миражей к реальности // Тамыр.- 2000.- №1(2). - С. 5-12.

3. Валиханов Ч.Ч. Собр соч. В 5 т. т.4. – Алма-Ата: Каз. Энцикл., 1985. - 461 с.

4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.

Статья посвящена анализу взглядов на культуру этикета казахов представителей реформаторской либерально-демократической интеллигенции начала двадцатого столетия. Также рассматривается негативное влияние советского тоталитаризма, нанесшего тяжелый удар культуре этикета традиционного казахского общества.

This article is dedicated to the analysis of views to the culture of the kazakhs ethic, the spokesmen of the reformer liberal-democratic intelligentsia of the 20th century.

It also considers the negative influence of the soviet totalitarianism that caused a heavy blow to the culture of the ethic of the traditional kazakh society.

Б.К. Нұрпейіс

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ – ҚАЗАҚ РЕЖИССУРА ӨНЕРІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

Халқымыздың ірі тұлғаларының бірі Ж.Аймауытов (1889-1930) жаңа дәуір әдебиетінің белді өкілі ғана емес, жазушы, ақын, тұңғыш кәсіби драматург, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы, педагог, психолог және ұлттық театрдың бірінші режиссері болғандығы туралы оның есімі ақталғаннан кейін барып жазылған ғылыми-зерттеу еңбектерден білдік.

Ж.Аймауытовтың режиссурамен айналысуына оның көп оқығандығы мен орыс-татар труппаларымен тығыз байланыста болуы мол септігін тигізгендігіне көз жеткізе аламыз. Бала жасынан ауыл медресесінде оқып, одан соң екі кластық (төрт жылдық) орыс-қазақ училищесінде білім алған Ж.Аймауытов 1914 жылы Семей мұғалімдік семинариясында оқуын жалғастырған. Жас кезінен бастап туған халқының рухани мол қазынасынан сусындап өскен Ж.Аймауытов шығыс, батыс, орыс әдебиеті классиктерін таңдап, талғап оқыған. Ол Пушкин, Гоголь, Л.Толстой, Чехов, Короленко, М.Горький шығармаларын айрықша бағалап, олардың туындыларының эстетикалық

құндылығы туралы көзқарасын білдірген. Шекспир, Мольер, Мопассан, В.Гюго, Беранже, Гете, Д.Лондон, С.Цвейг т.б. дүниежүзі әдебиетінің хас шеберлерінің еңбектерін жоғары бағалап, құрмет тұтқан. Кейбір жазушылардың шығармаларын (Ағылшын жазушысы Фердинанд Дюшеннің «Тамилла» романын «Дәмелі» деген атпен, А.С.Пушкиннің «Сараң сері», «Тас мейман» және шағын трагедияларын, Н.В.Гогольдің «Ревизорын» Эжен Потьенің «Интерноциалын» т.б.) ана тілімізге аударған.

Ж.Аймауытов әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеп қоймай, психология мен педагогика саласында да өндіре жазған. Ол 1924 жылы мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарында оқитын студенттерге арнап «Тәрбие жетекші», 1926 жылы екі кітап бірі-«Психология», екіншісі «Жан жүйесі және өнер таңдау», 1929 жылы «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» («Сауатсыздықты қалай жою керек?») атты кітаптарын жарыққа шығарған. «Жүсіпбектің тәлім-тәрбие тақырыбына жазған еңбектерінің ішінде «Психо-

логия» деп аталатын көлемді оқу құралы айрықша айтуға тұрарлық. Өйткені бұл советтік түркі тектес халықтар тілінде сол кезде жазылған бірден-бір төл туынды. Қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, түрікпен, қырғыз, башқұрт т.б. тілдерде мұндай еңбектердің болмағанын ескерсек, осы басылымның бағасы ерекше арта түседі» - [1] деп ұлы ойшылдың психология туралы жазған еңбектерін зерттеген Қ.Жарықбаев өте тура баға берген. Ол Ж.Аймауытовтың бұл еңбегі бүкіл түркі тектес халықтардың ортақ мұрасы екендігін дәлелдей алған.

Ж.Аймауытовтың режиссерлік жұмысын оның жазушылығынан, ұстаздығынан және оның бойындағы басқа қасиеттерінен бөліп қарауға келмейді. Егер режиссерге әрі педагог, әрі психолог, әрі ұйымдастырушы ретінде қарасақ, онда осылардың барлығы да Ж.Аймауытовтың басында тоғысқандығы түсіндіруді қажет етпейді. Ол білім мұхитының тереңіне сүңгіген сайын, оның тасқындаған талантының барлық қыры саф алтындай жарқырап көрінді. Әдебиеттің көк айдынында ескегін құлаштай сілтеген майталман суреткер, театр өнеріне де өшпестей етіп өзінің қолтаңбасын қалдырды.

Театр зертеушісі Б.Құндақбайұлы ұлттық сахна өнерінің алғашқы қадамдары Ж.Аймауытовпен тығыз байланысты екендігін М.Әуезовтың өз аузынан естігендігін жазған. Ол бұл жөнінде «Қазақ театр тарихының» алғашқы томын жазған кезде (1975) айтуға тырысқан. Бірақ Б.Құндақбаев партия тарапынан қуғындалып, сөгіс алғаннан кейін амалсыздан ұзақ жылдар бойы үнсіз қалды. Тек қана жариялықтың отты лебі ескеннен кейін барып, бір кездері атын атай алмаған Ж.Аймауытовтың пьесаларын жинақтап, оның алғашқы театр режиссері болғандығы туралы ғылыми мақаласын жариялады.

1990 жылы жарыққа шыққан Ж.Аймауытовтың пьесалар жинағының алғы сөзінде Б.Құндақбайұлы 1915 жылдың 13 ақпанында Семейде қойылған «Біржан - Сара» айтысының инсценировкасын жасап, сахнаға қойған режиссер Ж.Аймауытов екендігін және 2008 жылы «Әдебиет айдыны» газетінде басылған мақаласында: «Ж.Аймауытовтың режиссура-сына оралсақ, қазақ топырағындағы тұңғыш спектакль 1915 жылы, 13 ақпанда Семейде қойылды. Сахнаға қоятын пьеса болмағандықтан мұғалімдер семинариясының студенті Ж.Аймауытов әйгілі «Біржан-Сара» айтысының Қазанда басылған нұсқасын сахнаға бейімдеп (инсценировкалап), ұлттық топырақта көркемдік талапқа толық жауап берген тұңғыш спектакльдің қойылуы ерекше мәдени рухани құбылыс. Бұл ұлттық сахна өнерінің туған күні»

- деп ресми пікірін білдірді. [2,9] Зерттеушінің бұл тұжырымы дүниежүзі театрларының тарихына сүйене отырып жасалған дәлелді пікір. Әлемдік театрдың туған жылы (б.д.д. 534 ж.) Дионис құдайдың құрметіне арналып қойылған афиндік Феспид ақынның (б.д.д. VI ғ.) трагедиясынан басталғанын және сол ежелгі грек трагедиясы актер мен хор арасындағы диалогке құрылғаны белгілі. Сол сияқты дүниежүзіндегі барлық театрлардың туған күні өз жерінде алғаш қойылған қойылымнан басталған. Театр сыншысы «Біз де енді қазақ театрының тарихын 1926 жылдан емес, 1915 жылдан бастағанымыз жөн. Тарихи да, ғылыми да шындық осы» [2,9] деп қазақ театр тарихының әріден басталатынын тура көрсетті.

Ж.Аймауытов айтыстың барлық ерекшеліктерін зерттеп алып, мол дайындықтан кейін «Біржан – Сараның» сахналық жүйесін жасаған. Кез - келген режиссер өзі таңдап алған шығарманың тақырыбы мен идеясының өз заманымен сәйкестігін іздейтінін ескерсек, бұл жолда да Ж.Аймауытовтың қателеспегіне көзіміз жетеді. Ол әлеуметтік мәні бар тың тақырып әйел теңдігі еді. Айтыс майданында есесін жібермей, талайларды сөзбен бұған Сараның малға сатылып, Жиенқұлдай жаманға атастырылып қойғанын білген Біржан қазақ қыздарының бас бостандығына тұсау болған, қалың мал екендігін әшкере етеді. Сөйтіп сахнадан көрсетілген «Біржан мен Сара» спектаклі атақты екі ақынның өнер жарысы, сөз шарпысуы ғана болмай, бүкіл қазақ қоғамында үлкен әлеуметтік мәні бар әйел теңдігі мәселесін көтерген құнды қойылым болды.

Спектакль театрдың алғы шарттарына толық жауап берген. Бұл қойылымды қазақалпында қағазға түсірген мұғалім Мұстақым Малдыбаевтың «Қазақша бастапқы ойын» деген мақаласында: «...Сценаның төріне қазақ салтынша масаты кілемдер төселіп, оюлы отаушатыр құрылған. Залдың бір жағынан қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, кәмшат бөріктің шоқпардай үкісін бұлғақтатып айқай сала ән шырқап Біржан шықты. Біржанның қасында салдарша киінген бес жолдасы тұрды.

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Үйінде Тұрысбектің өлген жері, –

деп шырқаған Біржан дауысын естіп, қасында жеті-сегіз қызы бар, бұрала басып былқылдап Сара шықты. Үстінде оқалы қызыл камзол, атлас шапанын иығына жамылып, бүтін дүниені бір тырнағына теңгермей келе жатқан сері қыз-

Сара екенін көрген жерде-ақ әркім білді»-деп жазған. [3] Мақала авторының театр туралы түсінігінің аз болғанына қарамастан, сол жазылғандарды негізге ала отырып режиссер Ж.Аймауытовтың мизансценаларды нақты құра білгендігіне, яғни кімнің қалай, қай тұстан шығатындығын дәл белгілегеніне көз жеткіземіз. Кейіпкерлердің даралықтарын ашатындай етіп костюм таңдап, спектакль декорациясын жасаған. Бұдан Ж.Аймауытовтың әлемдік театр өнерінен сол кездің өзінде мол хабары бар, білімділігі байқалып тұр. Жоғарыдағы мақаладан тағы бір аңғарғанымыз режиссер ұлттық салт-дәстүрді терең білетіндіктен сал-серілердің киім үлгілерін жарасымды тапқан. Қос ақынның өнері халқына өлместей мұра болып қалды деген зор гуманистік идея мен философияны шебер де көркем шешіп берді. Біржан мен Сараның өміршеңдік рухы, әншілік, өнерпаздық қасиеті өлмейтінін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретіндігін көрсетті.

Айтыс өнерінің сиқырлы сырын көрермендерге мөлдіретіп жеткізудің басты құралдарының бірі сахналық тіл өнерімен астасып жатқанын да жете ұққан. Мақалада Сара ролін орындаушы Тұрар Қозыбағарова туралы: «... сөзінің анықтығы, дауысының мінсіздігі жұрттың ықыласын өзіне магниттей тартты» делінген. Қазақ тілінің кәусар бұлақтай әсемдігін сахнадан көресете алуы үлкен шеберлік. Сахнаға шыққан кейіпкерлер санының онға жуықтайтынын ескерсек, олардың барлығына жанды әрекет тауып оқиғаға араластыра білуінің өзі, режиссердің туа біткен табиғи дарынын көрсетеді. Осы спектакльде Біржанның ролін орындаған Ж.Аймауытовтың әншілігі мен домбырада еркін ойнайтындығымен қоса, актерлік қабілетінің зор екендігі де жоғары бағаланған. «Біржан-Сара» спектаклінің режиссурасына қарап Ж.Аймауытовтың актерлерлерді бір мақсатқа жұмылдырып, олардың сахналық міндеттерін дәл анықтап көркемдік тұтастыққа ұмтылғанын бөліп айтамыз.

Ж.Аймауытов әдеби жанрдың барлық түрінде қалам тербеп, ғылыми және сын мақалалар жазумен де айналысқан. «Театр кітабы туралы» мақаласында сахна өнері мен драматургияның мәдени өмірден алатын орны мен табиғаты туралы ойын ортаға салған. Мақалада драманың табиғаты мен жанр ерекшеліктері туралы келелі пікірін білдірген. Театр мен репертуар мәселесін өзара тығыз байланыстыра қарастырған. «Театр өмірді, ақиқатты, жақсылық-жамандықты көзбен көргізіп, қолмен ұстататын орын. Ол аз, көрушіні қуандыратын, қайғыртатын, жылататын, жүйкесін бостатын орын...» [4] деген эстетикалық көзқарасын кәсіби театр ашылмай тұрған кезде айтқан болатын.

Ж.Аймауытов 1924 жылғы «Жас қазақ» журналының 5-6 және 7-8 сандарында алғаш рет оқу орындарындағы жастар арасындағы саяси-ағарту үйірмесінің ережесін жасап, оның мақсатын түсіндіріп берген. Ол студент жастар арасындағы саяси-ағарту жұмыстарын әдебиет, театр, ән-күй және саясат деп төртке бөлген. Бұдан кейін әр саладағы үйірме мақсатын саралап оны жүзеге асыру үшін істелетін жұмыстарды санамалаған. Соның ішінде театр үйірмесінің мақсаты мен міндеті жастарды сахна өнерімен таныстыру, талапкерлерді театрда ойнауға машықтандыру. Бұл үшін театр туралы кітаптарды, айтылған пікірлерді оқу, оқығанын ортаға салу, пьеса шарттарын ұғыну, қазақша пьесаларды жинап, олардың жеңілдерін сахнаға шығарып, рольде ойнауды үйрену. Ойнағанда дауысты шығарып, анық та ашық сөйлеуге, пікірді мәнерлі жеткізу, бет-пішіндегі құбылыстарды, дене қимылдарын көңілге қонымды ету үшін, суретшілік сезімді жетілдіру керектігіне мән берген. Ол: «Орыс, татар театрларына өкіл жіберіп, солардың тәжірибесінен үйрену керек. Жақсы ойнайтын артистерін шақырып, ақыл-кеңесін тыңдау қажет. Дене қимылын келтіру үшін орыс артистерінің ойынын бақылау шарт.» [5] деп ойын түйіндеген. Бұдан Ж.Аймауытовтың өзге елдердің театрларымен байланыс орнату мәселесін өз замандастарынан бірінші болып айтқанына куә боламыз.

Ж.Аймауытовтың суреткерлік өсу сатыларын оның дүниетанымымен, ғылыми ойының кемелденуімен диалектикалық байланыста қарастырғанда, жалпы теориялық мәні бар өнімді пікірлер шығары хак. Әлемдік және орыс театр тарихы мен әдеби деректерді мол білетін эрудиция, өте нәзік эстетикалық талғам театр өнеріндегі тәжірибесіне қосылып, театрдың қоғамдық маңызы туралы құнды ойларын тудырған. Ж.Аймауытов эстетикасында ғалымдық тереңдік, сыншылық өткірлік, жазушылық пен режиссерлік әсем келісім тауып жүйелі бірлікке алып келген.

Оның режиссурасымен 1921 жылы Семейдегі губерниялық труппаның сахнасында М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясының екінші нұсқасы, ал 1925 жылы Қазақ автономиялық республикасының бес жылдық тойына өзінің «Ел қорғаны» пьесасын қойғандығы туралы мәліметтер сақталған. Сол сияқты «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесаларын да сахнаға өзі қойған. Ж.Аймауытовтың спектакльдеріне қатысып рольдерде ойнаған Қ.Бадыров, Р.Иманбаев, С.Қожамқұлов, Қ.Қуанышбаев сынды актерлер режиссердің шеберлігі мен қиял көкжиегінің кеңдігі туралы тамсана айтқандығын кезінде жазып алған Б.Құндақбаев өзінің «Заман және театр өнері» кітабының

«Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» деген тарауында жазған.

Ж.Аймауытов режиссурасының алғашқы спектаклінен бастап-ақ ел-жұртты елең еткізуінің себебіне үнілетін болсақ, онда оның дүниежүзі елдері мен сол кездегі орыстың спектакль қою тәжірибесінен мол хабары болғандығын аңғарамыз. XX ғасырдың басында әртүрлі режиссерлік тәсілдерімен әлем назарын өздеріне аударған К.С.Станиславский мен Вл.Немирович-Данченко, Вс.Э.Мейерхольд, А.Я.Таиров т.б. орыс режиссерлерінің жұмыстарымен баспасөз арқылы танысып, оқыған-түйгендерін спектакль қойған кезде кәдесіне жарата алған.

1915-1929 жылдардың аралығында Ж.Аймауытов режиссурасымен жарық көрген спектакльдерде оның актерлермен тыңғылықты жұмыс жасағандығы, яғни репетициялар жүргізгендігі, сонымен қоса сахнаның әрекет орны екендігін терең ескеріп, спектакль уақытын тура анықтай білгендігі де байқалады. Еуропалық үлгідегі театрдың ірге тасын өз қолымен қалап, оның сахнасына алғашқылардың бірі болып пьеса жазуы театр өнерін ғана емес, қазақ әдебиетіндегі драматургия жанрының өрістеуіне де әсерін тигізді. Оның қаламынан туған пьесалар енді ғана жұмыс жасай бастаған театр үйірмелерінде және кейін ашылған кәсіби театр репертуарының негізін құрады.

Пьесаны идеялық жағынан талдау, жеке-леген кейіпкерлерге мінездемелер беру, сол спектакльде ойнайтын актерлерді таңдау,

жанрлық ерекшеліктерді анықтай алу, спектакль уақытын белгілеу (ырғақ пен екпін), кеңістікті пайдалану (мизансценалар), спектакльді безендіру тәрізді режиссерлік тұжырымдардың Ж.Аймауытовта болғандығына ол туралы жазылған зерттеулер мен естеліктерге сүйене отырып көз жеткіземіз. Ж.Аймауытов қазақ режиссерлік өнерінің негізін салушы әрі көшбасшысы деп нақты тұжырым жасаймыз. Ол өзімен қатар жүрген әріптестеріне мол тәлім берді. Кейін ұлттық театр ашылған кезде оның сахнасына спектакльдер қойғанын ескерсек, онда тура сол уақытта режиссурамен айналысуды бастаған С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, Ж.Шанин Ж.Аймауытовтың пьесамен, актерлермен қалай жұмыс жасағанын көздерімен көрген болып шығады. Бұдан оның соңынан ерген алғашқы буын режиссерлеріміз режиссураның әліпбиін Ж.Аймауытовтан үйренген деп батыл айта аламыз.

1.Құндақбайұлы Б. Қазақ театры // Әдебиет айдыны, 27.11.2008 ж.

2.Жарықбаев Қ. Қазақ психология ғылымының қарлығашы. "Бес арыс". - Алматы: Жалын, 1992.

3.Малдыбаев М. Қазақша бастапқы ойын // Айқап, 1915 ж.

4.Аймауытов Ж. Театр кітабы туралы // Қазақ тілі. 25.01. 1922ж.

5.Аймауытов Ж. Жас қазақ. - 1924 - № 7,8.

В статье анализируется вклад Ж.Аймауытова как основоположника казахского театра и режиссуры.

Х.Х. Труспекова

ПОСТМОДЕРНИСТСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ В ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Современное актуальное искусство Казахстана, или контемпарари-арт по-казахски, появилось вместе с обретением республикой независимости, хотя основы этого направления обозначились еще в конце восьмидесятых годов двадцатого века, в полной мере приобретают зримые черты к 1988-1995 годам.

Период так называемой перестройки советского общества восьмидесятых годов двадцатого века в корне изменил и географическую и культурно-политическую карту мира. Однако в тот момент никто не мог осознать степень глубины происходящего.

В бурные восьмидесятые-девяностые на первый план выдвигаются вопросы этнической истории. Жажда новых знаний и откровений в

области политического обустройства страны, казалось, полностью захватил всех и вся в бывшей стране Советов. Сбросить все идеологические клише социалистического реализма, господствовавшего на протяжении почти всего советского периода, стремились мастера фактически всех поколений.

Но на самом деле не менее интересным и по настоящему новым явилось другое направление искусства этого времени, никак не связанное как будто с историей или вообще с традиционным советским в искусстве.

Это творчество молодых в основном художников, освоивших на тот момент только одну установку: свободу творческого самовыражения. На первый взгляд и в искусстве